

Келісілді:
«Умники» бөбекжайы
әдіскері:  К.Арыстанова



Бекітемін:
«Умники» бөбекжайы
директор: А.Смаилов

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде
2022- 2023 оқу жылына арналған «Теремок» ересек тобының
қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
(№ 1 педагогикалық кеңес хаттамасында қаралды 26.08.2022 жыл)

Мұғалімі: С.Ихсатова

ТҮСІНІК ХАТ

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының 1-міндетін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» міндеттерін орындау мақсатында жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесі төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырылады:**

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазан №422 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 27 қыркүйектегі №8 хаттамасы).

Қазақ тілі мұғалімінің 2022-2023 оқу жылындағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің апталық оқу жүктемесі:

«Теремок» ересек тобы - аптасына бір рет.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде
2022- 2023 оқу жылына арналған
Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

«Умники» бөбекжай

«Теремок» ересек тобы

Балалардың жасы -4 жастағы балалар (орыс тобы)

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек 2022 жыл

№	Уақыты	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1	Қыркүйек	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: -бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; Сөздік қор: қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету;
2	Қазан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор: ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Тілдің грамматикалық құрылымы: 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуге үйрету және сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруға жаттықтыру; Байланыстырып сөйлеу: шағын тапқақтар мен өлеңдерді жаттау дағдыларын қалыптастыру
3	Қараша	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:

		тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Сөздік қор: заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; Байланыстырып сөйлеу: өзінің мекен-жайы, тұратын қаласы туралы айтуға үйрету; мақал-мәтелдер айтуға үйрету.
4	Желтоқсан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: - мәдениет нышандарын қалыптастыру Сөздік қор: заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; Байланыстырып сөйлеу: 1) қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету;
5	Қаңтар	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: - ойын арқылы сөздік қорды молайту; - сөздік қорды монолог, диалог арқылы нығайту; - мемлекеттік тілде еркін сөйлеуге дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: - қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу); Байланыстырып сөйлеу: -бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.
6	Ақпан	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша

		сөйлеуін дамыту; Сөздік қор: дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту; Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді, жай сөйлемдер құруды, 2-3 сөйлеммен жақын мандағы заттарға, ойыншықтарға, жемістерге шағын сипаттама беруге үйрету.
7	Наурыз	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағыналарын түсіну, апта күндері мен ай атауларын, жыл мезгілдерінің атауларын айту дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: жай сөйлемдер құрастыруға үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім? Бұл не?); Байланыстырып сөйлеу: шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру.
8	Сәуір	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту; Сөздік қор: дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту; Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюға және оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру, диалогке қатысуға, затты 2-3 сөйлеммен сипаттауға үйрету;

9	Мамыр	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: күнделікті өмірде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету; Сөздік қор: күнделікті өмірде қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (ыдыс-жиһаз) атауларын білдіретін сөздерді, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын, ұлттық салт-дәстүрлер мен мерекелерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: жай сөйлемдер құрастыруға үйрету; Байланыстырып сөйлеу: диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
---	-------	---